

**2-8 сынып оқушыларына арналған
«Зерде» республикалық зерттеу жобалары мен шығармашылық
жұмыстарының конкурсын ұйымдастыру және өткізу
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ережелер 2-8 сынып оқушыларына арналған «Зерде» республикалық зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарының конкурсын ұйымдастыру мен өткізудің мақсатын, міндеттерін, қатысу шарттарын және тәртібін айқындайды.

1.2. Осы Ережелерде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) **зерттеу жобасы** – оқушының зерттеу сұрағына жауап алуға бағытталған, деректерді жинауды, талдауды және негізделген қорытынды тұжырымдауды қамтитын авторлық жұмысы;

2) **инженерлік жоба** – белгілі бір мәселені шешуге арналған құрылғыны, модельді, алгоритмді немесе прототипті жобалау, жасау және сынау жөніндегі жұмыс;

3) **цифрлық жоба** – негізгі нәтижесі оқушы белгілі бір міндетті шешу үшін жасаған немесе едәуір жетілдірген бағдарлама, қолданба, деректер базасы, модель немесе өзге де цифрлық өнім болып табылатын жұмыс;

4) **әлеуметтік-гуманитарлық жоба** – деректерді талдау, сауалнама немесе өзге де әлеуметтік зерттеу әдісі негізінде нақты әлеуметтік, қоғамдық немесе азаматтық мәселені зерделеуге және шешуге бағытталған жұмыс;

5) **шығармашылық-зерттеу жұмысы** – тіл, әдебиет, тарих, мәдениет, өнер немесе әлеуметтік практика саласындағы деректерге негізделген авторлық ізденіс;

6) **зерттеу күнделігі** – идея туындаған сәттен түпкілікті нәтиже алынғанға дейінгі әрекеттер, күндер, деректер, өзгерістер, сәтсіз сынақтар мен рефлексия тіркелетін жұмыс жазбалары;

7) **ЖИ пайдалану туралы декларация** – жасанды интеллект құралдарының атаулары, оларды қолдану мақсаты, алынған көмекті тексеру және авторлық жетілдіру үлесі көрсетілетін мәлімдеме;

8) **авторлық үлес** – оқушының идеяны тұжырымдауда, әдісті таңдауда, деректерді жинау мен талдауда, өнім жасауда және жұмысты қорғауда жеке еңбегі;

9) **мәтіндік сәйкестікті тексеру туралы анықтама (антиплагиат)** – осы Ережелердің 2.11-тармағына сәйкес ресімделетін және тексеру нәтижелері мен сараптамалық қорытындыны қамтитын құжат;

10) **ғылыми жетекші** – оқушыға зерттеу әдіснамасы, академиялық адалдық және қауіпсіздік мәселелері бойынша кеңес беретін, бірақ жұмысты оның орнына орындамайтын педагог немесе маман.

1.3. **Конкурстың мақсаты** – оқушылардың ғылымға қызығушылығын арттыру, зерттеу мәдениетін, шығармашылық және инженерлік ойлауын дамыту.

1.4. **Конкурстың міндеттері:**

1) зерттеуге, жобалауға, өнертапқыштыққа және шығармашылық ізденіске қызығушылық танытатын оқушыларды анықтау және қолдау;

2) білімді өмірлік жағдайларда қолдану, мәселе қою, деректерді жинау мен талдау, негізделген қорытынды тұжырымдау дағдыларын қалыптастыру;

3) бастауыш және негізгі орта білім деңгейлері арасында зерттеу құзыреттерінің сабақтастығын қамтамасыз ету;

4) жасанды интеллектіні (бұдан әрі – ЖИ) саналы, қауіпсіз, этикалық және ашық пайдалануға үйрету;

5) академиялық адалдықты, жеке жауапкершілікті, зерттеу этикасы мен қауіпсіздік мәдениетін тәрбиелеу;

6) инклюзивтілік, тең мүмкіндік және экологиялық жауапкершілік қағидаттарына негізделген, сондай-ақ азаматтық және ұлттық құндылықтарды нығайтуға бағытталған жобаларды ынталандыру;

7) оқушылар, педагогтар, жоғары білім беру ұйымдары, ғылыми ұйымдар мен нақты сектор мамандары арасындағы менторлық байланыстарды дамыту.

1.5. Конкурс заңдылық, ашықтық, транспаренттілік, әділдік және академиялық адалдық қағидаттары негізінде өткізіледі.

2. **Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

2.1. Конкурс төрт кезең бойынша өткізіледі:

I кезең – мектептік кезең, оны білім беру ұйымы өткізеді;

II кезең – аудандық (қалалық) кезең, оны тиісті білім бөлімі немесе ол уәкілеттік берген ұйым өткізеді;

III кезең – облыстық кезең, оны облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары немесе олар уәкілеттік берген дарынды балалармен жұмыс істейтін өңірлік орталықтар, сондай-ақ республикалық білім беру ұйымдары, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ және «Бөбек» ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы (бұдан әрі – «Бөбек» ҰҒПББСО) деңгейінде өткізеді;

IV кезең – республикалық кезең, оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО) өткізеді.

2.2. Конкурс осы Ережелердің 1-қосымшасына сәйкес, мынадай секциялар мен жас санаттары бойынша өткізіледі:

1) «Бастауыш буын» санаты – 2-4 сынып оқушылары;

2) «Орта буын» санаты – 5-8 сынып оқушылары.

2.3. Конкурс жеке немесе командалық болып табылатын екі түрдегі зерттеу жұмыстарын көздейді. Командалық жұмысты екі оқушы орындайды. Команда мүшелері бір жас санатына жатуы тиіс, олар әртүрлі сыныпта білім алатын жағдайда жұмыс үлкен сынып деңгейінің талаптары бойынша бағаланады.

2.4. Ұйымдастырушы іс-шараның өткізу мерзімдері мен өтетін орнын айқындайды, қазылар алқасының құрамын, Конкурстың бағдарламасын, қатысушылар тізімін бекітеді, ұсынылған конкурстық материалдардың толықтығын тексереді, қорытындылайды және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды.

2.5. Жұмыстарды бағалау үшін ұйымдастырушы қазылар алқасының мүшелерін бекітеді, олардың құрамына ғылымның әртүрлі салаларынан шақырылған жоғары білім беру ұйымдарының, колледждер мен мектептерінің үздік оқытушылары, жетекші педагогтары, әдіскерлері мен ғалымдары, сондай-ақ тиісті салалардың мамандары кіреді.

2.6. Қазылар алқасы конкурстық жұмыстарды тыңдайды және тексереді, оларды 2-қосымшада белгіленген критерийлер бойынша бағалайды, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

2.7. Қазылар алқасының мүшесі қатысушының туысы, ғылыми жетекшісі немесе мұғалімі болса, сонымен қатар бағаланатын жұмысты дайындауға үлес қосқан болса, ол бағалау басталғанға дейін бұл жайттар туралы ұйымдастырушыға хабарлауға міндетті.

2.8. 2.7-тармақта көрсетілген жағдай туындаған жағдайда ұйымдастырушы қазылар алқасының мүшесін қатысушылардың жұмыстарын бағалауға жібермейді.

2.9. I, II және III кезеңдердің қазылар алқасы құрамында болған адамдар IV кезеңнің қазылар алқасы құрамына кірмейді.

2.10. Конкурстың IV кезеңіне қатысу үшін III кезеңнің ұйымдастырушылары конкурстық жұмыстарды, аннотацияларды, ғылыми жетекшілердің пікірлерін, 3-қосымшаға сәйкес мәтіндік сәйкестікті тексеру (антиплагиат) нәтижелері туралы анықтаманы, 4-қосымшаға сәйкес ЖИ пайдалану туралы декларацияны, 5-қосымшаға сәйкес этика және қауіпсіздік жөніндегі бақылау парағын, 6-қосымшаға сәйкес зерттеу күнделігін, ал командалық жоба үшін – 7-қосымшаға сәйкес авторлық үлес парағын қоса берген өтінімді «Дарын» РҒПО-ның жыл сайынғы ақпараттық хатында белгіленген мерзімде электрондық жүйе арқылы жібереді. Әрбір құжат көлемі 10 МБ-тан аспайтын жеке PDF файл түрінде ұсынылады.

2.11. IV кезеңге әрбір жіберуші ұйымнан әрбір секция бойынша III кезеңде бірінші орын алған «Бастауыш буын» санатындағы бір жұмыс және «Орта буын» санатындағы бір жұмыс ұсынылады.

2.12. Ұйымдастырушы құжаттардың толықтығын, жұмыстың жас санаты мен секцияға сәйкестігін, ресімдеу талаптарының орындалуын, мәтіндік сәйкестікті тексеру (антиплагиат) нәтижелері туралы анықтаманың бар-жоғын және дұрыс ресімделуін, сондай-ақ академиялық адалдық, ЖИ

пайдаланудың ашықтығы, зерттеу этикасы мен қауіпсіздігі қағидаттарының сақталуын тексереді.

2.13. Конкурстың IV кезеңі ғылыми жобаларды жария қорғау түрінде көрме-жәрменке форматында өткізіледі. Әрбір жобаға жеке көрме орны, үстел және тіркеу коды (шифры) беріледі. Қатысушы өз жобасын жиналмалы көрме стендтің алдында, прототип, макет немесе басқа да көрнекі материалдарды пайдалана отырып қорғайды. Қазылар алқасының мүшелері белгіленген тәртіппен көрме стендтерін аралап, жұмыстарды бағалайды. Жоба авторына немесе қосавторларына жұмысты таныстыруға (қорғауға) 5-7 минут және сұрақтарға жауап беруге 3 минут беріледі.

2.14. Командалық жобада әрбір қатысушы жобаны қорғауға қатысуға, өзі орындаған әрекеттерді түсіндіруге және осы Ережелердің 7-қосымшасына сәйкес авторлық үлес парағында көрсетілген материалдармен өз үлесін растауға міндетті.

Авторлар арасында міндеттердің бөлінуінің толықтығы мен негізділігі 2-қосымшаның 5-критерийі бойынша жобаға ортақ баллмен бағаланады. Әрбір автордың жеке үлесі 2-қосымшаның 8-критерийі бойынша бөлек бағаланады.

Автор өзі орындаған әрекеттерді түсіндіре алмаса немесе оның үлесі ұсынылған материалдармен расталмаса, оған 8-критерий бойынша жеке авторлық үлес үшін балл берілмейді. Бұл ретте сұрақтарға жауап бергені және жұмысты түсінгені үшін 5 баллдан аспайтын балл берілуі мүмкін.

2.15. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар қатысушылар үшін алдын ала берілген өтінім негізінде онда көрсетілген жеке қажеттіліктер ескеріле отырып жағдайлар жасалады: стендті қолжетімді орналастыру, кедергісіз орта және жобаны отырып қорғау мүмкіндігі қамтамасыз етіледі; ым тіліне аудару, ассистивті технологиялар мен қолжетімді форматтағы материалдарды пайдалану мүмкіндігі, сондай-ақ регламент шегінде қосымша уақыт беріледі. Көрсетілген жағдайлар бағалау критерийлерін өзгертпейді.

2.16. Деректерді фальсификациялау немесе бұрмалау, жалған дереккөздерді немесе фотоматериалдарды пайдалану, өзге адамның жұмысын иемдену, толық ЖИ көмегімен жасалған жұмысты ұсыну фактілері анықталған жағдайда ұйымдастырушы тиісті акт жасайды.

3. Конкурс қатысушылары және ғылыми жетекшілерге қойылатын талаптар

3.1. Конкурсқа Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарының 2-8 сынып оқушылары қатысады.

3.2. IV кезеңде қатысушы тек қана бір жұмыстың авторы немесе қосавторы ретінде қатысады.

3.3. Жұмыс қатысушының жасына, оқу бағдарламасына және оның меңгерген құзыреттеріне сай болуы тиіс. Ересектердің, зертхана қызметкерлерінің немесе ЖИ құралдарының көмегі оқушының өзіндік еңбегін алмастырмауы тиіс.

3.4. Конкурстық жұмысқа бір ғылыми жетекші тағайындауға немесе пәнаралық жобаның ерекшеліктерін ескере отырып, бір жұмысқа екі ғылыми жетекші тағайындауға жол беріледі.

3.5. Ғылыми жетекші зерттеу әдіснамасы, академиялық адалдық, деректердің дұрыстығы және қауіпсіздік мәселелері бойынша кеңес береді, бірақ зерттеу сұрағын тұжырымдамайды, негізгі деректерді жинамайды, талдау жүргізбейді, қорытынды тұжырымдамайды және қорғау мәтінін дайындамайды. Әрбір жетекшінің пәндік және әдістемелік үлесі өтінімде көрсетіледі.

4. Конкурстық жұмыстарға қойылатын талаптар

4.1. Жұмыстар жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттардың секциялары бойынша қабылданады. Секциялардың оқу пәндеріне сәйкестігі 1-қосымшада көрсетілген.

4.2. Жоба зерттеу, инженерлік, цифрлық, әлеуметтік-гуманитарлық немесе шығармашылық-зерттеу сипатында болуы мүмкін және міндетті түрде авторлық сұрақты, әрекетті, деректерді немесе жасалған өнімді, сондай-ақ негізделген қорытындыны қамтуы тиіс.

4.3. 2-8 сынып оқушыларының жұмыстарының мазмұнына қойылатын талаптар:

1) мәселе, зерттеудің мақсаты, міндеттері және қажет болған жағдайда болжам нақты көрсетіледі;

2) зерттеу әдістері мен жұмыс жоспары ұсынылады;

3) зерттеу барысында кемінде бір сәйкес әдіс қолданылады: бақылау, өлшеу, салыстыру, сауалнама, эксперимент, модельдеу, шығармашылық талдау немесе өзге де әдіс;

4) деректер жиналады, салыстырылады және кесте, диаграмма, сурет түрінде немесе өзге де тәсілмен ұсынылады;

5) алынған нәтижелерге негізделген қорытынды, жұмыстың практикалық маңызы мен шектеулері, одан әрі зерттеу бағыты және «мен не үйрендім, нені жетілдіремін?» рефлексиясы ұсынылады;

6) кемінде үш сенімді дереккөз пайдаланылады және зерттеу күнделігі жүргізіледі.

4.4. Жұмыс қазақ немесе орыс тілінде ұсынылады. Қорғау тілін қатысушы өзі таңдайды. Шет тілі секциясында жұмыстың негізгі мәтіні қазақ немесе орыс тілінде ұсынылуы мүмкін, ал зерттеу материалы мен қорғаудың тиісті бөлігі – үйреніп жатқан тілде.

4.5. Жұмысты ресімдеуге қойылатын талаптар:

1) беттің форматы – А4; негізгі қаріп – Times New Roman, 14 кегль; кестелерде – кемінде 10 кегль;

2) жоларалық интервал – 1,5; абзацтық шегініс – 1,25 см;

3) жиектер: сол жағы – 3 см, оң, жоғарғы және төменгі жағы – әрқайсысы 2 см;

4) бет нөмірі төменде ортасында орналастырылады; титул парағында нөмір көрсетілмейді;

5) суреттер, кестелер және диаграммалар нөмірленеді, олардың атаулары мен дереккөздері көрсетіледі;

6) ерекше білім беру қажеттіліктері бар қатысушы үшін оқылымдылықты арттыратын балама қаріп, үлкейтілген кегль және қолжетімді электрондық формат қолдануға жол беріледі.

4.6. Жұмыстың құрылымы: титул парағы; мазмұны; аннотация; кіріспе; зерттеу/жобалау бөлімі; нәтижелер мен талқылау; қорытынды және рефлексия; пайдаланылған дереккөздер; қосымшалар. Жұмыстың негізгі мәтінінің ұсынылатын көлемі (титул парағын, мазмұнын, қосымшалар мен дереккөздер тізімін есептемегенде) «Бастауыш буын» санаты үшін 15 беттен, «Орта буын» санаты үшін 30 беттен аспауы тиіс.

4.7. Аннотацияның көлемі «Бастауыш буын» санаты үшін 150 сөзден, «Орта буын» санаты үшін 200 сөзден аспауы тиіс. Аннотацияда мақсат, өзектілік, зерттеу сұрағы/болжамы, әдістер, негізгі нәтиже және қорытынды қамтылады.

4.8. Титул парағы осы Ережелердің 8-қосымшасына сәйкес ресімделеді. Қазылар алқасының мүшелеріне берілетін барлық материалдар дараланбаған болуы және жобаның бірыңғай тіркеу кодын (шифр) қамтуы тиіс.

Қазылар алқасының мүшелеріне берілетін данада (зерттеу жұмыстары, стендтер) қатысушылар мен ғылыми жетекшілердің тегі мен аты, білім беру ұйымының атауы мен логотипі, өңір, қолтаңбалар және жұмыстың кімге тиесілі екенін анықтауға мүмкіндік беретін өзге де мәліметтер көрсетілмейді.

4.9. Жасанды интеллектіні келесі мақсаттарда көмекші құрал ретінде ғана пайдалануға жол беріледі: өз бетінше тұжырымдалған идеяны нақтылау; кілт сөздер мен дереккөздерді іздеу бағыттарын таңдау; авторлық мәтінді тілдік және стильдік редакциялау; авторлық мәтінді аудару; бағдарламалық кодтағы қателерді іздеу және түзету; қатысушы өз бетінше жинаған деректерді визуализациялау; материалдарды қолжетімді форматқа түрлендіру; қатысушының өзіндік зерттеу қызметін алмастырмайтын өзге де көмекші әрекеттерді орындау. Пайдаланылған әрбір ЖИ құралы және оны қолдану мақсаты осы Ережелердің 4-қосымшасына сәйкес декларацияда көрсетіледі. Бір құрал бірнеше мақсатта пайдаланылса, әрбір жағдай бөлек көрсетіледі. Қатысушы ЖИ пайдаланылған беттерді, слайдтарды, бағдарламалық код үзінділерін немесе жұмыстың өзге де бөліктерін белгілеуге, сондай-ақ алынған нәтижені тексеру тәсілдері мен өзіндік жетілдіру сипатын көрсетуге міндетті. ЖИ көмегімен алынған мәліметтер сенімді дереккөздер бойынша тексеріледі. ЖИ жұмысының нәтижелері нақты ақпараттың немесе дәлелдің жалғыз көзі ретінде пайдаланылмайды.

4.10. Жол берілмейді: ЖИ көмегімен конкурстық жұмыстың дайын мәтінін немесе оның мазмұндық бөлімдерін жасау; бастапқы деректерді, зерттеу нәтижелерін, талдауды, қорытындыларды, фотосуреттерді және өзге де дәлелдік материалдарды жасау немесе өзгерту; жалған, жоқ немесе тексерілмеген дереккөздер мен сілтемелер жасау; ЖИ жасаған материалдарды

қатысушының толықтай өзіндік жұмысы ретінде беру; негізгі зерттеу, жобалау немесе шығармашылық әрекеттерді қатысушының орнына ЖИ-ге тапсыру; дербес, құпия және заңмен қорғалатын өзге де мәліметтерді ашық ЖИ жүйелеріне енгізу; ЖИ құралдарын пайдалану фактісін жасыру немесе декларацияда шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді көрсету.

ЖИ пайдаланудың негізгі қағидаты: «Шешімді адам қабылдайды – жасанды интеллект тек көмектеседі».

4.11. Кәмелетке толмағандардың қатысуымен жүргізілетін зерттеулер олардың ерікті келісімімен және ата-анасының немесе заңды өкілдерінің жазбаша келісімімен жүргізіледі. Дербес деректер дараланады және заңсыз қолжетімділіктен қорғалады. Медициналық диагностика жасауға, емдеу әдістерін сынауға және дене немесе психологиялық зиян келтіруі мүмкін әрекеттерге тыйым салынады.

4.12. Этика және қауіпсіздік жөніндегі бақылау парағы осы Ережелердің 4-қосымшасына сәйкес толтырылады. Жануарларға зиян келтіретін тәжірибелерге, заңнамамен шектелген материалдарды пайдалануға, сондай-ақ өмір мен денсаулыққа рұқсат етілмейтін тәуекел туғызатын әрекеттерге жол берілмейді. Бақыланатын химиялық, биологиялық, электрлік немесе механикалық тәуекелдерді көздейтін жұмыстарға білім беру ұйымының жауапты маманы алдын ала бағалағаннан кейін, қауіпсіздік шаралары сақталған және ересек адамның тікелей бақылауымен ғана жол беріледі.

4.13. Антиплагиатқа жұмыстың негізгі мәтіні ұсынылады. Титул парағы, мазмұны, дұрыс ресімделген дәйексөздер, пайдаланылған дереккөздер тізімі, қосымшалар және жалпыға бірдей қабылданған ғылыми терминдер сараптамалық талдау кезінде ескеріледі.

4.14. Бұрынғы оқу жылдарында Конкурсқа немесе өзге конкурсқа мазмұны, әдістері немесе нәтижелері елеулі өзгертілместен бұрын ұсынылған жұмыс қабылданбайды.

4.15. Республикалық кезеңнің қатысушысы конкурстық жұмысты осы Ережелердің 9-қосымшасында белгіленген техникалық талаптарға сәйкес жиналмалы үстел үсті көрме стендінде таныстырады.

Стенд зерттеу жұмысының мазмұнын қысқа, көрнекі және түсінікті түрде таныстыруға арналған.

4.16. Көрме стенді үш бөліктен тұрады: өлшемі 60 × 80 сантиметр болатын бір орталық панель және әрқайсысының өлшемі 30 × 80 сантиметр болатын екі бүйір панель. Стендтің жайылған күйдегі жалпы өлшемі 120 × 80 сантиметрді, жиналған күйде – 60 × 80 сантиметрді құрайды. Бүйір панельдер орталық панельге қатысты артқа қарай 40-45 градус бұрышпен орнатылады. Көрме стендінің схемасы мен оның конструкциясына қойылатын техникалық талаптар осы Ережелердің 9-қосымшасында көрсетілген.

4.17. Көрме стендінде зерттеудің тақырыбы, мәселесі мен мақсаты, қолданылған әдістер, негізгі деректер мен нәтижелер, қорытындылар, практикалық маңызы және пайдаланылған дереккөздер көрсетіледі. Қажет болған жағдайда жұмыстың толық нұсқасына, бейнематериалға немесе цифрлық өнімге апаратын QR-код орналастырылады. Стендте өңір, білім беру

ұйымының атауы мен логотипі, қатысушы мен ғылыми жетекшінің тегі мен аты көрсетілмейді.

4.18. Көрме стенді үстелге тұрақты орнатылуы және жеңіл тиюден немесе кездейсоқ жылжудан құламауы тиіс. Стенд алмалы-салмалы тірек аяқшалармен, бүйір панельдердің ашылу бұрышын шектейтін құралдармен, сырғанауға қарсы жапсырмалармен және қажет болған жағдайда үстелге бекітуге арналған қауіпсіз қысқыштармен жабдықталады. Стендтің бұрыштары дөңгеленген болуы тиіс, ал бекіткіштерде өткір немесе ашық бөліктер болмауы тиіс.

4.19. Конкурстық жұмысты таныстыру үшін жиналмалы көрме стенді мен баспа материалдары пайдаланылады. Прототип, макет немесе құрылғы болған жағдайда таныстырылады. Көрме орны өлшемі кемінде 120 × 60 сантиметр болатын үстелмен жабдықталады. Электр қорегін қажет ететін құрылғылар туралы мәліметтер қатысушының өтінімінде алдын ала көрсетіледі.

5. Бағалау, қорытындылау және марапаттау

5.1. «Бастауыш буын» және «Орта буын» санаттарындағы жұмыстар 2-қосымшада белгіленген бірыңғай бағалау критерийлеріне сәйкес 100 баллдық жүйе бойынша бағаланады.

5.2. Әрбір жұмысты кемінде үш қазылар алқасының мүшесі тәуелсіз бағалайды. Қорытынды балл жеке бағалардың орта арифметикалық мәні ретінде есептеледі және жүзден бір бөлікке дейін дөңгеленеді.

5.3. Бағалау кезінде басым түрде оқушының жасына сай ойлау дербестігі, зерттеу процесі, нақты дәлелдер, әдістің дұрыстығы, нәтиженің маңыздылығы және қорғау кезінде жұмысты түсінуі ескеріледі. Күрделі жабдық немесе қымбат материалдардың өздігінен артықшылығы болмайды.

5.4. Жеке жобаның қорытынды баллы барлық бағалау критерийлері бойынша баллдарды қосу арқылы есептеледі. Командалық жобада 1-6 критерийлер бойынша жобаға ортақ балл қойылады. 7 және 8 критерийлер бойынша әрбір автор бөлек бағаланады.

Авторлардың бірінің жеке үлесі расталмаған жағдайда осы Ережелердің 2.14-тармағында белгіленген шектеу қолданылады. *(Формула: команданың қорытынды баллы = 1-6 критерийлер бойынша ортақ балл + (1-автордың 7 және 8-критерийлер бойынша жеке баллы + 2-автордың 7 және 8 критерийлер бойынша жеке баллы) ÷ 2.)*

5.5. Қатысушының рейтингтегі орнына әсер ететін қорытынды баллдар тең болған жағдайда басымдық келесі критерийлер бойынша дәйекті түрде айқындалады:

- 1) зерттеу әдістерінің сапасы мен деректердің дұрыстығы;
- 2) авторлық үлес және академиялық адалдықтың сақталуы;
- 3) қазылар алқасы мүшелерінің сұрақтарына жауаптардың сапасы;
- 4) жұмыстың практикалық маңызы және қатысушының рефлексиясы.

5.6. Әрбір секция мен жас санаты бойынша қатысушылардың қорытынды рейтингі жиналған баллдардың кему ретімен қалыптастырылады.

5.7. Әрбір секция мен жас санаты бойынша I, II және III дәрежелі диплом иегерлерінің жалпы саны бағалауға жіберілген қатысушылар санының 60 пайызынан аспауы тиіс. Дипломдар рейтингтегі ең жоғары нәтижеден бастап дәйекті түрде беріледі. Бөлшек мән шыққан жағдайда бөлшек бөлігі жүзден бір бөлікке дейін дөңгеленеді.

I дәрежелі диплом иегерлері жеңімпаз, II және III дәрежелі диплом иегерлері жүлдегер деп танылады. Соңғы жүлделі орында ұпайлар тең болған жағдайда басымдық осы Ережелердің 5.6-тармағына сәйкес айқындалады.

5.8. Дипломдар мен грамоталарды бөлу кезінде қазылар алқасы келесі ұсынылатын шекті мәндерді басшылыққа алады:

I дәрежелі диплом – 90-100 балл;

II дәрежелі диплом – 80-89,99 балл;

III дәрежелі диплом – 70-79,99 балл;

«Дарын» РҒПО грамотасы – 60-69,99 балл.

Көрсетілген шекті мәндер қорытынды рейтинг пен белгіленген марапатталушылар санын ескере отырып қолданылады. Шекті мәнге жету өздігінен тиісті марапатты беруге сөзсіз негіз болып табылмайды.

5.9. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің дипломдарымен марапатталады. Лайықты нәтиже көрсеткен қатысушылар «Дарын» РҒПО грамоталарымен марапатталады. Республикалық кезеңнің барлық қатысушыларына қатысушы сертификаттары беріледі.

5.10. Бағалау нәтижелері қазылар алқасының хаттамасымен ресімделеді және ұйымдастырушы бекітеді.

5.11. Үздік жобалар қатысушы мен оның заңды өкілінің келісімімен виртуалды көрмеде, жинақта немесе «Дарын» РҒПО-ның ақпараттық ресурстарында жариялануы мүмкін. Жариялау авторлық құқық және дербес деректерді қорғау талаптары сақтала отырып жүзеге асырылады.

6. Өзге де шарттар

6.1. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржыландырылады.

6.2. Өңірлік команданың жетекшісі немесе қатысушыларды алып жүруге жауапты өзге тұлға жіберуші ұйым басшысының бұйрығымен тағайындалады және қатысушылардың жол жүру барысында және іс-шара өткізілетін кезеңдегі қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Көрсетілген тұлға өз өкілеттігі шегінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қатысушылардың өмірі мен денсаулығы үшін жауапты болады.

6.3. Қатысушылардың дербес деректері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және ата-анасының немесе заңды өкілдерінің келісімімен өңделеді.

2-8 сынып оқушыларына арналған «Зерде» республикалық зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарының конкурсы өткізілетін секциялар мен пәндер тізбесі

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-МАТЕМАТИКАЛЫҚ БАҒЫТ

№	Секцияның атауы	Сәйкес оқу пәндері мен курстары
1	Математика және қолданбалы математика	Математика (2-6), Алгебра және Геометрия (7-8), қаржылық және математикалық сауаттылық
2	Физика, ғарыш және Жер туралы ғылымдар	Жаратылыстану, Дүниетану, География, Физика, STEM
3	Туризм, спорт және өмір қауіпсіздігі	Дүниетану, География, Дене шынықтыру, Өлкетану, Жеке қауіпсіздік, Жаһандық құзыреттер
4	Химия және биология	Жаратылыстану, Биология, Химия
5	Информатика, жасанды интеллект, робототехника және STEM-инженерия	Цифрлық сауаттылық және ЖИ (2-4), Информатика және ЖИ (5-8), Математика, Робототехника, Көркем еңбек
6	Экология, адам денсаулығы және психология	Жаратылыстану, Биология, География, Дене шынықтыру, Жаһандық құзыреттер

ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ БАҒЫТ

№	Секцияның атауы	Сәйкес оқу пәндері мен курстары
1	Қазақ тілі және әдебиеті	Қазақ тілі, Әдебиеттік оқу, Қазақ әдебиеті
2	Орыс тілі және әдебиеті	Орыс тілі, Әдебиеттік оқу, Орыс әдебиеті
3	Шет тілдері және мәдениетаралық коммуникация	Шет тілі, екінші шет тілі, елтану және коммуникация
4	Тарих, өлкетану, құқықтық және азаматтық сауаттылық	Дүниетану, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, География, Конституция негіздері, Заң және тәртіп, Жаһандық құзыреттер



№	Секцияның атауы	Сәйкес оқу пәндері мен курстары
5	Этномәдениеттану және мәдени мұра	Дүниетану, Тарих, Әдебиет, География, Музыка, мәдениеттану элементтері
6	Технология, өнер, дизайн және креативті индустриялар	Еңбекке баулу, Бейнелеу өнері, Музыка, Көркем еңбек, дизайн және медиашығармашылық

Ескертпе: пәнаралық жоба өзінің негізгі зерттеу сұрағына, қолданылған әдісіне және басты нәтижесіне сәйкес бір секцияда тіркеледі. Келтірілген пәндер мен курстар тізбесі ұсынымдық сипатта болады және пәнаралық зерттеулерді шектемейді.



2-8 сынып оқушыларына арналған «Зерде» республикалық зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарының конкурсының бағалау критерийлері

№	Критерий	Дескриптор	Балл
1	Зерттеудің мәселесі, сұрағы және өзектілігі	Зерттеу мәселесі мен сұрағының нақты әрі түсінікті қойылуы; тақырыптың өмірмен, оқу мазмұнымен немесе практикалық қажеттілікпен байланысының негізделуі (жобаға ортақ баллмен бағаланады)	10
2	Жұмыстың мақсаты, міндеттері, болжамы және логикасы	Мақсат пен міндеттердің зерттеу сұрағына сәйкестігі; жұмыс кезеңдерінің дәйектілігі; қажет болған жағдайда болжамның ұсынылуы (жобаға ортақ баллмен бағаланады)	10
3	Зерттеу әдістері, жұмыс жоспары, қауіпсіздік және этика	Жасқа сай кемінде бір зерттеу әдісінің дұрыс қолданылуы; жұмыс жоспарының болуы; бақылау, өлшеу немесе эксперимент тәртібінің сақталуы; қауіпсіздік пен этика талаптарының орындалуы (жобаға ортақ баллмен бағаланады)	15
4	Зерттеудің деректері, талдауы және нәтижелері	Оқушы өз бетінше жинаған немесе өндеген деректердің, бақылау нәтижелерінің, шығармашылық талдаудың, модельдің немесе дайын өнімнің болуы; нәтижелерді салыстыру және оларды кесте, диаграмма, сурет, схема, фотосурет түрінде немесе өзге де тәсілмен көрнекі ұсыну (жобаға ортақ баллмен бағаланады)	20
5	Зерттеуді құжаттандыру, дереккөздер, академиялық адалдық және ЖИ пайдаланудың ашықтығы	Зерттеу күнделігінің жүйелі жүргізілуі; кемінде үш сенімді дереккөздің пайдаланылуы; алынған үзінділер мен сілтемелердің дұрыс ресімделуі; сырттан алынған көмек пен ЖИ құралдарын пайдаланудың ашық көрсетілуі. Командалық жобада қосымша авторлар арасында міндеттердің бөлінуінің нақтылығы және авторлық үлес парағының зерттеу күнделігі мен ұсынылған материалдарға сәйкестігі бағаланады. Жобаға ортақ баллмен бағаланады.	15



№	Критерий	Дескриптор	Балл
6	Қорытындылар, практикалық маңызы, шектеулер және рефлексия	Қорытындылардың алынған нәтижелермен негізделуі; жұмысты қолдану мүмкіндіктері мен практикалық маңызының көрсетілуі; зерттеудің шектеулерін, одан әрі жұмыс бағытын және «мен неге үйрендім, нені жетілдіремін?» рефлексиясын ұсыну (жобаға ортақ баллмен бағаланады)	10
7	Презентация және ғылыми коммуникация	Жұмысты қысқа, дәйекті, түсінікті және көрнекі таныстыру; жасқа сай ғылыми ұғымдарды дұрыс қолдану; белгіленген уақыттың сақталуы (әрбір автор жеке бағаланады)	10
8	Сұрақтарға жауаптар, жұмысты түсіну және жеке авторлық үлес	Әрбір автор бөлек бағаланады: жауаптардың дәлдігі мен негізділігі, жұмыстың мәселесін, әдістерін және нәтижелерін түсінуі – 5 баллға дейін; нақты орындалған әрекеттерді түсіндіруі және жеке авторлық үлесін растауы – 5 баллға дейін.	10

Барлығы: 100 балл

Ескертпе:

Жеке жобаның қорытынды баллы барлық сегіз критерий бойынша баллдарды қосу арқылы анықталады және 100 балдан аспайды.

Командалық жобада 1-6 критерийлер бойынша жобаға ортақ балл қойылады – 80 балдан аспайды. 7 және 8 критерийлер бойынша әрбір автор бөлек бағаланады және 20 балдан аспайтын балл ала алады. Командалық жобаның қорытынды баллы мынадай формула бойынша есептеледі:

Команданың қорытынды баллы = 1-6 критерийлер бойынша ортақ балл + (1-автордың 7 және 8 критерийлер бойынша баллы + 2-автордың 7 және 8-критерийлер бойынша баллы) ÷ 2.

Мысалы: жобаның ортақ баллы – 70, авторлардың жеке баллдары – 18 және 16. Команданың қорытынды баллы: $70 + (18 + 16) \div 2 = 87$ балл.

Автордың жеке үлесі расталмаған жағдайда осы Ережелердің 2.15-тармағында белгіленген шектеу қолданылады.

Критерийлер екі жас санатына да қатысушылардың жасын, жұмыстың күрделілігін, қолданылған әдістерді, деректерді талдау деңгейі мен дербестігін ескере отырып қолданылады. Рейтинг әрбір секция мен жас санаты бойынша бөлек қалыптастырылады.

DOC ID KZQUVVS202600001162F80584E



Анықтаманы толтыру үлгісі

АНЫҚТАМА
жобаның мәтінін мәтіндік сәйкестікке (антиплагиат) тексеру нәтижелері
туралы

Тіркеу коды (шифр): _____
(«Дарын» РҒПО қызметкері толтырады)

Бағыт: _____
(жаратылыстану-математикалық немесе қоғамдық-гуманитарлық)

Секцияның атауы: _____

Қатысушылар санаты:

- ☐ Бастауыш буын (2-4 сынып)
☐ Орта буын (5-8 сынып)

Жобаның тақырыбы: _____

Тексеру сервисінің атауы мен сілтемесі: _____

Мәтіннің бірегейлігі (%): _____

Тексеру күні: _____



Жасанды интеллектіні пайдалану туралы декларация

Тіркеу коды (шифр): _____
(«Дарын» РҒПО қызметкері толтырады)

Бағыт: _____
(жаратылыстану-математикалық немесе қоғамдық-гуманитарлық)

Секцияның атауы: _____

Жобаның тақырыбы: _____

ЖИ пайдалану мәртебесі:

- ☐ жасанды интеллект пайдаланылмады;
☐ жасанды интеллект пайдаланылды.

№	Сұралатын мәліметтер	ЖИ пайдалану туралы мәліметтер
1	ЖИ құралының атауы мен нұсқасы (нұсқасы белгілі болса)	
2	Жоба үстіндегі жұмыс кезеңі және ЖИ пайдалану мақсаты	
3	Негізгі сұраныстардың қысқаша мазмұны	
4	ЖИ-ге берілген негізгі сұраныстардың қысқаша мазмұны	
5	Алынған нәтиженің дұрыстығы мен дәлдігін тексеру тәсілдері	
6	Автордың (авторлардың) алынған нәтижеге өз бетінше енгізген өзгерістері мен толықтырулары	

Толтыру тәртібі

- Кесте электрондық түрде толтырылады. Бірнеше ЖИ құралын пайдаланған болсаңыз, оларды үтірмен бөліп көрсетіңіз. ЖИ пайдаланылмаған болса, кестені толтырудың қажеті жоқ.
- 2-6-жолдарда әрбір құрал туралы мәліметті атауын сипаттамасының алдында көрсете отырып беріңіз. Құрал бірнеше міндет үшін қолданылған



болса, әрқайсысын жеке сипаттаңыз. Қажет болған жағдайда ұяшық өлшемін ұлғайтыңыз.

3. 1-жолда ЖИ құралының атауын және белгілі болса, оның нұсқасын көрсетіңіз.
4. 2-жолда ЖИ-ні қай кезеңде және не үшін пайдаланғаныңызды жазыңыз. Мысалы: мәтінді аудару, дереккөздерді іздеуге арналған кілт сөздерді таңдау, редакциялау, кодты тексеру немесе графиктер құру үшін.
5. 3-жолда ЖИ-ге қандай сұрақтар немесе тапсырмалар бергеніңізді қысқаша жазыңыз. Барлық хат-хабарды қоса берудің қажеті жоқ.
6. 4-жолда алынған нәтижені қайда және қалай пайдаланғаныңызды көрсетіңіз: мәтінде, кестеде, суретте, презентацияда немесе бағдарламалық кодта. Мүмкіндігінше бөлімді, бетті, слайдтың, суреттің немесе кестенің нөмірін көрсетіңіз. Нәтиже тек жобаны дайындау кезінде көмектесіп, түпкілікті материалдарға еңбесе, соны да жазыңыз.
7. 5-жолда ЖИ жұмысының нәтижесін қалай тексергеніңізді түсіндіріңіз. Мысалы: сенімді дереккөздермен салыстырдыңыз, деректерді өз бетінше қайта есептедіңіз немесе кодтың жұмысын тексердіңіз. Тексермеген болсаңыз, осыны көрсетіңіз.
8. 6-жолда ЖИ жұмысының нәтижесіне не өзгерткеніңізді немесе қосқаныңызды өз бетінше жазыңыз. Ештеңе өзгертпеген болсаңыз, мынаны көрсетіңіз: *Өзгеріссіз пайдаланылды.*
9. Командалық жобада ЖИ-ні кім пайдаланғанын, нәтижені кім тексеріп, жетілдіргенін нақтылаңыз. Қатысушыларды авторлық үлес парағындағыдай **1-автор** және **2-автор** деп белгілеңіз.

1-автордың қолы: _____

2-автордың қолы (болған жағдайда): _____

Ғылыми жетекшінің қолы: _____

Күні: «_____» _____ **20** ____ ж.

Ескертпе: қазылар алқасының мүшелеріне берілетін декларация данасында жобаның тіркеу коды ғана болуы тиіс, онда тегі, аты, қолтаңбалар, білім беру ұйымының атауы және өңір көрсетілмеуі тиіс. Қол қойылған дана әкімшілік құжаттар топтамасында сақталады.



Зерттеу этикасы мен қауіпсіздігі жөніндегі бақылау парағы

№	Тексеру тармағы	Белгі	Ескертпе
1	Жобаның ықтимал тәуекелдері алдын ала анықталды	☐ Иә ☐ Қолданылмайды	
2	Адамдардың қатысуымен сауалнама/сұхбат жүргізу кезінде ерікті келісім және ата-ана/заңды өкілдің келісімі алынды	☐ Иә ☐ Қолданылмайды	
3	Дербес деректер дараланды, заңсыз қолжетімділіктен қорғалды және ашық ЖИ жүйелеріне енгізілмеді	☐ Иә ☐ Қолданылмайды	
4	Жануарларға зиян келтіретін әрекеттер жоқ	☐ Иә ☐ Қолданылмайды	
5	Химиялық, биологиялық, электрлік және механикалық тәуекелдер болған жағдайда ересек адамның бақылауы қамтамасыз етілді	☐ Иә ☐ Қолданылмайды	
6	Пайдаланылған материалдар мен қалдықтарды қауіпсіз кәдеге жарату тәртібі сақталды	☐ Иә ☐ Қолданылмайды	
7	Фотосуреттерге, бейнеге, музыкаға, кескіндерге және бағдарламалық кодқа авторлық құқықтар сақталды	☐ Иә ☐ Қолданылмайды	
8	Зерттеу күнделігі және бастапқы деректер ұсынылды	☐ Иә	
9	ЖИ пайдалану туралы декларация толтырылды	☐ Иә	

1-автордың қолы: _____

2-автордың қолы (болған жағдайда): _____

Ғылыми жетекшінің қолы: _____

Білім беру ұйымының жауапты тұлғасының қолы: _____

Күні: « » _____ 20__ ж.



ЗЕРТТЕУ КҮНДЕЛІГІ

Тіркеу коды (шифр): _____

(«Дарын» РҒПО қызметкері толтырады)

Жобаның _____

тақырыбы:

Қатысушылар санаты:

☐ Бастауыш буын (2-4 сынып)☐ Орта буын (5-8 сынып)

Жобаның түрі:

☐ Жеке☐ Командалық

№	Күні немесе кезеңі	Жұмыс кезеңі мен мақсаты	Орындалған әрекеттер	Алынған деректер мен нәтижелер	Туындаған қиындықтар, енгізілген өзгерістер және кейінгі әрекеттер	Орындаушы (1-автор, 2-автор, екі автор да)
1						
2						
3						
4						
5						

Толтыру тәртібі

1. Күнделік жеке және командалық жобалар үшін міндетті. Командалық жоба үшін бір ортақ күнделік жүргізіледі.
2. Күнделікті зерттеу барысында, хронологиялық тәртіппен толтырыңыз. Әрбір жазба нақты орындалған жұмысты көрсетуі тиіс. Жазбалар саны зерттеу барысына байланысты және бес жолмен шектелмейді.
3. «Күні немесе кезеңі» бағанында жұмыс қашан орындалғанын көрсетіңіз.
4. «Жұмыс кезеңі мен мақсаты» бағанында немен жұмыс істегеніңізді және нені анықтауды немесе жасауды жоспарлағаныңызды жазыңыз.
5. «Орындалған әрекеттер» бағанында нақты не істегеніңізді сипаттаңыз: дереккөздерді зерделедіңіз, тәжірибе жүргіздіңіз, деректер жинадыңыз, есептеулер жүргіздіңіз немесе басқа әрекеттер жасадыңыз.
6. «Алынған деректер мен нәтижелер» бағанында не шыққанын көрсетіңіз. Болжамыңызды растамаған сәтсіз тәжірибелер мен нәтижелер де күнделікте көрсетіледі. Растайтын материалдар болған жағдайда олардың



атауларын немесе нөмірлерін көрсетіңіз: фотосуреттер, кестелер, есептеулер, файлдар.

7. «Туындаған қиындықтар, енгізілген өзгерістер және кейінгі әрекеттер» бағанында қандай мәселелерге тап болғаныңызды, жұмыста нені өзгерткеніңізді және әрі қарай нені жоспарлайтыныңызды жазыңыз. Қиындықтар немесе өзгерістер болмаса, соны көрсетіңіз.
8. Командалық жобада «Орындаушы» бағанында: **1-автор, 2-автор** немесе **екі автор** да деп көрсетіңіз. Белгілеулер 7-қосымшамен сәйкес болуы тиіс. Әрбір автордың толық үлесі авторлық үлес парағында ашылады және күнделік жазбаларына сәйкес келуі тиіс. Жеке жобада бұл бағанда сызықша қойылады.
9. Электрондық түрде толтырған кезде қажет болған жағдайда жолдар қосыңыз және ұяшық өлшемін ұлғайтыңыз. Қолмен толтырған кезде қосымша парақтар пайдалануға жол беріледі.

Жазбалардың дұрыстығын растау

Мен орындаған жұмысқа қатысты күнделік жазбаларының дұрыстығын растаймын/растаймыз.

1-автордың қолы: _____

2-автордың қолы (болған жағдайда): _____

Күнделік жазбаларымен таныстым және олар маған белгілі зерттеуді орындау барысына сәйкес келетінін растаймын.

Ғылыми жетекшінің қолы: _____

Күні: «_____» _____ **20** ____ ж.

***Ескертпе.** Қолтаңбалармен растау блогы тек ұйымдастырушыға арналған данада толтырылады. Қазылар алқасы мүшелеріне арналған данада бұл блок алып тасталады, жобаның тіркеу коды сақталады. Қазылар алқасына арналған дана және оған қоса берілетін материалдар қатысушылар мен ғылыми жетекшінің жеке басын ашатын Т.А.Ә. және өзге де мәліметтерді, олардың қолтаңбаларын, білім беру ұйымының атауы мен логотипін, өңірді көрсетпеуі тиіс. Командалық жобаның қатысушылары авторлық үлес парағына сәйкес 1-автор және 2-автор деп белгіленеді.*



КОМАНДАЛЫҚ ЖОБАДАҒЫ АВТОРЛЫҚ ҮЛЕС ПАРАҒЫ

Командалық жобадағы авторлық үлес парағы

Тіркеу коды (шифр): _____
 («Дарын» РҒПО қызметкері толтырады)

Жобаның тақырыбы: _____

Секцияның атауы: _____

Қатысушылар санаты:

☐ Бастауыш буын (2-4 сынып)

☐ Орта буын (5-8 сынып)

1-автор: _____ сынып

2-автор: _____ сынып

№	Жұмыс кезеңі	1-автордың үлесі	2-автордың үлесі	Растайтын материалдар
1	Тақырыпты таңдау және зерттеу сұрағын тұжырымдау			
2	Дереккөздерді зерделеу			
3	Деректерді жинау немесе эксперимент жүргізу			
4	Нәтижелерді өңдеу және талдау			
5	Өнім, модель немесе прототип жасау (болған жағдайда)			
6	Қорытынды тұжырымдау және жұмыс нәтижелерін бағалау			
7	Жұмыс мәтінін, презентацияны және қорғауды дайындау			

Толтыру тәртібі

1. Авторлық үлес парағы командалық жоба үшін міндетті. Авторлар бір ортақ кестені толтырады.
2. «1-автордың үлесі» және «2-автордың үлесі» бағандарында әрбір қатысушының тиісті кезеңде нақты не істегенін көрсетіңіз. Мысалы: дереккөздерді таңдап зерделеді, өлшеулер жүргізді, кесте құрастырды, есептеулер жүргізді немесе қорытынды дайындады.
3. Жұмыс бірлесіп орындалған болса, әрбір автордың үлесін түсіндіріңіз. Мына сөздермен шектелмеңіз: *бірлесіп орындалды*.
4. Автор белгілі бір кезеңге қатыспаса, оның бағанында: *Қатыспады* деп көрсетіңіз. Кезеңнің өзі жобада көзделмесе, тиісті жолда: *Қолданылмайды* деп көрсетіңіз.



5. «*Растайтын материалдар*» бағанында авторлардың үлесін тексеруге болатын нақты материалдарды көрсетіңіз: күнделіктегі нөмірі мен күні бар жазба, жұмыстың беті, кесте, фотосурет, файл, код үзіндісі немесе басқа материал. Қажет болған жағдайда материал қай авторға қатысты екенін нақтылаңыз.
6. «**1-автор**» және «**2-автор**» белгілеулері зерттеу күнделігінде, ЖИ пайдалану туралы декларацияда және авторлық үлес парағында бірдей болуы тиіс. Осы құжаттардағы орындалған жұмыс туралы мәліметтер бір-біріне сәйкес келуі тиіс.
7. Электрондық түрде толтырған кезде ұяшық өлшемін ұлғайтыңыз және қажет болған жағдайда жұмыс кезеңдерін қосыңыз. Қолмен толтырған кезде қосымша парақтар пайдалануға жол беріледі.

Мәліметтердің дұрыстығын растау

Кестеде көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын және әрбір автордың жобаны орындауға нақты қатысқанын растаймыз.

1-автордың қолы: _____

2-автордың қолы (болған жағдайда): _____

Күні: «_____» _____ **20**_____ ж.

***Ескертпе.** Қолтаңбалармен растау блогы тек ұйымдастырушыға арналған данада толтырылады. Қазылар алқасы мүшелеріне арналған данада бұл блок алып тасталады, жобаның тіркеу коды (шифры) сақталады. Қазылар алқасына арналған дана және оған қоса берілетін материалдар қатысушылар мен ғылыми жетекшінің жеке басын ашатын Т.А.Ә. және өзге де мәліметтерді, олардың қолтаңбаларын, білім беру ұйымының атауы мен логотипін, өңірді көрсетпеуі тиіс. Қатысушылар 1-автор және 2-автор деп белгіленеді. Осы белгілеулердің қатысушылардың дербес деректеріне сәйкестігін ұйымдастырушы бағалау аяқталғанға дейін қазылар алқасының мүшелеріне берілмейтін бөлек тізілімде тіркейді.*



Титул парағын толтыру үлгісі

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы**

**2-8 сынып оқушыларына арналған «Зерде» республикалық зерттеу
жобалары мен шығармашылық жұмыстарының конкурсы**

Тіркеу коды (шифр) _____
(«Дарын» РҒПО қызметкері толтырады)

Бағыт _____
(ЖМБ немесе ҚГБ)

Секцияның атауы: _____

Жас санаты:

- ☐ «Бастауыш буын» (2-4 сынып)
☐ «Орта буын» (5-8 сынып)

Жобаның тақырыбы

« _____ »
_____»

Қатысушының Т.А.Ә.: _____

Ғылыми жетекшінің Т.А.Ә.: _____

2026-2027 оқу жылы

Жиналмалы көрме стендіне қойылатын техникалық талаптар

1. Стендтің құрылымы мен өлшемдері

Жиналмалы көрме стенді үстелге орнатылатын үш панельден тұрады:

- орталық панель – 60×80 см;
- бүйір панельдер – 30×80 см, 2 дана;
- жайылған күйдегі жалпы өлшемі – 120×80 см;
- жиналған күйдегі өлшемі – 60×80 см;
- бүйір панельдердің ашылу бұрышы – $40-45^\circ$;
- көрме үстелінің өлшемі – кемінде 120×60 см.

Жиналған күйде стенд тасымалдауға ыңғайлы, ал жайылған күйде үстелде тұрақты тұруы тиіс.

2. Қажетті материалдар мен бөлшектер

№	Материал немесе бөлшек	Саны мен сипаттамасы
1.	Орталық панель	Қалыңдығы 5 мм, өлшемі 60×80 см көпіршікті ПВХ – 1 дана.
2.	Бүйір панельдер	Қалыңдығы 5 мм, өлшемі 30×80 см көпіршікті ПВХ – 2 дана.
3.	Иілгіш ілмектер	Ұзындығы 80 см иілгіш ПВХ-ілмек – 2 дана.
4.	Алмалы-салмалы тірек аяқшалар	Қалыңдығы 5 мм, өлшемі шамамен 8×25 см ПВХ – 2 дана.
5.	Ашылу бұрышын шектегіштер	Бүйір панельдерді $40-45^\circ$ бұрышта ұстап тұратын мата белдік немесе қапсырма таспа, – 2 дана.
6.	Сырғанауға қарсы жапсырмалар	Резеңке жапсырмалар – 6 -8 дана.
7.	Үстелге бекітуге арналған қысқыштар	Резеңке қорғаныш жапсырмасы бар қауіпсіз қысқыш – 2 дана.
8.	Бекіту материалдары	Қапсырма таспа, мата негізіндегі мықты таспа және алмалы-салмалы екі жақты желім таспа.
9.	Ақпараттық материалдар	A2 және A4 форматындағы мат немесе ламинацияланған баспа материалдары
10.	Тасымалдауға арналған сумка	Тұтқасы мен иық белдігі бар, өлшемі кемінде 65×85 см қорғаныш сумкасы – 1 дана.

3. Стендтің тұрақтылығы мен қауіпсіздігі

Стенд тірек аяқшалармен, сырғанауға қарсы жапсырмалармен және бүйір панельдердің ашылуын шектейтін белдіктермен жабдықталады. Қажет болған жағдайда ол үстелге қауіпсіз қысқыштармен бекітіледі. Өткір, ауыр немесе жарақат келтіруі мүмкін бөлшектерді пайдалануға жол берілмейді. Стендті жинау ересек адамның қатысуымен жүргізіледі.



4. Ақпараттық материалдарды орналастыру

Сол жақ панельде зерттеудің өзектілігі, мақсаты, міндеттері мен әдістері; орталық панельде – жобаның тақырыбы, зерттеу сұрағы және негізгі нәтиже; оң жақ панельде – қорытындылар, практикалық маңызы, дереккөздер және QR-код орналастырылады. Орталық панельде жоба тақырыбының сол жағында тіркеу кодын (шифрды) орналастыру үшін биіктігі 7 см, ені 14 см пунктирлі жақтауы бар бос өріс қалдырылады.

Мәтін бір метр қашықтықтан анық оқылуы тиіс. Ұсынылатын қаріп өлшемі: тақырып – кемінде 44 пункт, бөлім атаулары – 26 пункт, негізгі мәтін – 18 пункт.

5. Прототиптерді орналастыру

Прототип, макет немесе құрылғы үстелдің алдыңғы бөлігінде тұрақты әрі қауіпсіз орналастырылады. Ауыр құрылғыларды, сұйықтығы бар ыдыстарды және электр қорегін қажет ететін құрылғыларды стендке іліп қоюға тыйым салынады. Ашық отты, қауіпті заттарды, қорғалмаған электр сымдарын, өткір механизмдер мен биологиялық материалдарды пайдалануға жол берілмейді.

6. Тасымалдауға қойылатын талаптар

Стендтің жиналған күйдегі өлшемі 60 × 80 сантиметрден аспауы тиіс. Ақпараттық материалдар майысудан және ылғалдан қорғалып оралады. Прототиптер, электрондық құрылғылар және сынғыш бөлшектер қорғаныш контейнерінде, ал стенд тасымалдауға арналған сумкада бөлек тасымалданады.



Ескертпе: көрсетілген стенд мысал болып табылады. Стендтің түсі мен сыртқы безендірілуі еркін таңдалуы мүмкін. Осы қосымшада белгіленген өлшемдерге, тұрақтылыққа, қауіпсіздікке және тасымалдауға қойылатын талаптар міндетті түрде сақталуға тиіс.

Квитанция о подписании

Основная информация

DOC ID	KZQUVVS202600001162F80584E
Тип документа	Исходящее письмо
Статус	Доставлен
Рег. Номер:	01-01/15
Рег. Дата:	11.09.2026
Количество страниц	54
Подписи	2

Информация об отправителе

Отправитель	Республиканское государственное казенное предприятие «Республиканский научно-практический центр «Дарын» Министерства просвещения Республики Казахстан
IP-адрес	37.150.191.11

Информация о получателях

Получатель 1	Управление образования области Абай, 072001804000, Казахстан
Получатель 2	Управление образования города Алматы, 042000211000, Казахстан
Получатель 3	Управление образования города Астаны, 041130100000, Казахстан
Получатель 4	ГУ «Управление образования области Ылытау», 074002006000, Казахстан
Получатель 5	Управление образования Атырауской области, 046470600000, Казахстан
Получатель 6	Управление образования Жамбылской области, 048090800000, Казахстан
Получатель 7	Управление образования Актюбинской области, 044150400000, Казахстан
Получатель 8	Управление образования Акмолинской области, 043080300000, Казахстан
Получатель 9	Управление образования Алматинской области, 045090500000, Казахстан
Получатель 10	Управление образования Мангистауской области, 053081300000, Казахстан
Получатель 11	Управление образования Карагандинской области, 050201000000, Казахстан



Получатель 12	ГУ Управление образования Павлодарской области, 054091400000, Казахстан
Получатель 13	ГУ "УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ", 020140001936, Казахстан
Получатель 14	Управление образования Кызылординской области, 052181200000, Казахстан
Получатель 15	ГУ «Управление образования Туркестанской области», 056001614000, Казахстан
Получатель 16	Управление образования акимата Костанайской области, 051291100000, Казахстан
Получатель 17	Управление образования Западно-Казахстанской области, 049130902000, Казахстан
Получатель 18	Управление образования акимата Северо-Казахстанской области, 055311500000, Казахстан
Получатель 19	Государственное учреждение «Управление образования области Жетісу», 073001907000, Казахстан
Получатель 20	Коммунальное государственное учреждение «Управление образования города Шымкент», 065001713000, Казахстан
Получатель 21	Управление образования Восточно-Казахстанской области, 047080700000, Казахстан
Получатель 22	АОО "НАЗАРБАЕВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫЕ ШКОЛЫ", 080540020707, Казахстан
Получатель 23	РГКП "НАЦИОНАЛЬНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ, ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ И ОЗДОРОВИТЕЛЬНЫЙ ЦЕНТР БОБЕК МИНИСТЕРСТВА ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН", 990540003224, Казахстан
Получатель 24	Некоммерческое акционерное общество "Республиканская физико-математическая школа", 941240001210, Казахстан
Получатель 25	Филиал Некоммерческого акционерного общества "Республиканская физико-математическая школа" в городе Алматы, 190441024985, Казахстан
Получатель 26	Филиал Некоммерческого акционерного общества "Республиканская физико-математическая школа" в городе Астана, 160741021163, Казахстан

Информация о подписантах

Подписал(а) ДАВЛЕТ ТИМУР



Компания "Республиканское государственное казенное предприятие
«Республиканский научно-практический центр «Дарын»
Министерства просвещения Республики Казахстан"

Должность директор

IP-адрес 37.150.191.11

Email t.davlet@daryn.kz

Тип ЭЦП ЭЦП Национального удостоверяющего центра Республики Казахстан
Первый руководитель юридического лица, имеющий право подписи

Подпись MIIYSgYJ...HXwP82R8c

Дата подписания 11.09.2026 12:29

Подписал(а) БЕРДЕНОВА ГАЛИЯ

Компания "Республиканское государственное казенное предприятие
«Республиканский научно-практический центр «Дарын»
Министерства просвещения Республики Казахстан"

Должность хатшы

IP-адрес 37.150.191.11

Email info@daryn.kz

Тип ЭЦП ЭЦП Национального удостоверяющего центра Республики Казахстан
Сотрудник организации

Подпись MIIYcgYJ...xN0TZ+w==

Дата подписания 11.09.2026 12:31

DOC ID KZQUVVS202600001162F80584E

